

ФИЛОЛОГИЯ

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖИЫНТЫҚ МОДЕЛІ

Жүнісбек Арман.,


Алматы гуманитарлық заң академиясы.

Қазақ тілінің жалаң дауысты дыбыстарының жасалым моделін текше түрінде беруге болады. Бірақ текшенің сегіз бұрышы бар, ал қазақ тілінде 6 жалаң дауысты бар. Ендеше текшенің екі бұрышы артылып қалады да бос тұрады. Алайда бос тұрған орынның өзі де белгілі бір мәлімет (информация) беріп тұрады. Біз жоғарыда сол бос орындарда болуы мүмкін жалаң дауыстыларды атап өткен болатынбыз. Олар: *ашық, тіл арты, еріндік* жалаң дауысты және *ашық, тіл ортасы, еріндік* жалаң дауысты болып табылады. (Біз бұл жерде әдейі олардың әріп таңбасын бермей отырмыз. Себебі сол орындардағы дауысты дыбыс үнді-европа тілдерінде (орыс, ағылшын т.б.) кездесетін «О, Ө» тектес монофтонг дауыстыларға ұқсайды. Егер оларды осы өз таңбаларымен белгілесек, онда қазіргі әліпбиіміздегі құранды дауыстылардың таңбасымен шатасады. Сондықтан ол дауыстылардың тек сипаттамасын ғана келтіріп отырмыз).


Қарап отырсақ, дыбыстарды моделдеу арқылы қазақ тілінің жалаң дауыстыларының құрамын көрнекі түрде тиянақтап алуға болады екен.

Сонымен текше тектес моделдің бос бұрыштарын алып тастап, моделді одан әрі ықшамдай түсуге болады. Ол үшін текше моделдің бос екі бұрышын алып тастаймыз. Содан кейін пайда болатын модел үшкіл (призма) тектес болады екен. Ендеше қазақ тілі жалаң дауыстыларының моделі текше емес, үшкіл-призма болу керек. Дәстүрлі түркологияда текше кездеседі.

Енді текше моделді (1а сурет) үшкіл-призма моделге (1ә сурет) айналдырып көрейік.



1а сурет. Жалаң дауыстылардың текше моделі



1ә сурет. Жалаң дауыстылардың үшкіл-призма моделі


Екі моделді салыстырып қарасақ олардың арасында көп айырмашылық бар. Ақиқатында қазақ тілінің жалаң дауыстыларының моделі текше емес, үшкіл-призма болу керек екен. Өйткені үшкіл-призма жалаң дауыстылардың құрамы (состав-количество) мен айырым белгілер жүйесін (система различительных признаков) өте дәл көрсетіп тұр. Текше моделдегідей басы артық бұрыш та жоқ.

Енді құранды дауыстыларға келейік. Қазақ тілінің құранды дауысты дыбыстарының жасалым моделін шаршы түрінде беруге болады. Бірақ шаршының төрт бұрышы бар, ал қазақ тілінде 3 құранды дауысты бар. Ендеше шаршының бір бұрышы артылып қалады да бос тұрады. Алайда, жоғарыда жалаң дауыстыларға қатысты айтылғандай, бос тұрған орынның өзі де белгілі бір мәлімет (информация) беріп тұрады. Біз жоғарыда сол бос орында болуы мүмкін құранды дауыстыны атап өткен болатынбыз. Ол: *жуан, езулік* құранды дауысты болып табылады. (Біз бұл жерде әдейі олардың әріп таңбасын тағы да бермей отырмыз. Себебі сол орындағы құранды дауысты дыбыс үнді-европа тілдерінде (орыс, ағылшын т.б.) кездесетін «Я, Я'» тектес дифтонг дауыстыларға ұқсайды. Егер оларды осы өз таңбаларымен белгіле-сек, онда қазіргі әліпбиіміздегі фонетикалық құранды (фонетический диф-тонг) *ЙА* тіркесінің таңбасымен шатасады. Өйткені қазақ тіліндегі *Й+А* жеке-жеке екі дыбыстың (дауыссыз бен дауысты - Я) үйреншікті тіркесі болып табылады. Сондықтан сол бұрышта кездесуі мүмкін құранды дауыстының тек сипаттамасын ғана келтіріп отырмыз). Мұның өзі қазақ тілінде *ЙА* тәрізді жігі ажырамайтын (фонологиялық) дифтонгтың жоқ екенін көрсетеді.


Сөйтіп құранды дауысты дыбыстарды моделдеу арқылы қазақ тіліндегі құранды дауыстылардың құрамын көрнекі түрде тиянақтап алуға болады екен.

Енді шаршы тектес моделдің бос бұрышын алып тастап, моделді одан әрі ықшамдай түсуге болады. Ол үшін шаршы моделдің бос бұрышын алып тастаймыз. Содан кейін пайда болатын модель үшкіл-шаршы (жартылай шаршы) тектес болады екен. Ендеше қазақ тілі құранды дауыстыларының моделі шаршы емес, үшкіл-шаршы болу керек.

Енді шаршы моделді (2а сурет) үшкіл-шаршы моделге (2ә сурет) айналдырып көрейік.



2а сурет. Құранды дауыстылардың шаршы моделі






2ә сурет. Құранды дауыстылардың үшкіл-шаршы моделі

Екі моделді тағы да салыстырып қарайық, сонда олардың арасында едәуір айырмашылық бар екенін көреміз. Шындығында қазақ тілінің құранды дауыстыларының моделі шаршы емес, үшкіл-шаршы болу керек екен. Өйткені үшкіл-шаршы құранды дауыстылардың құрамы (состав-количество) мен айырым белгілер жүйесін (система различительных признаков) өте дәл көрсетіп тұр. Шаршы моделдегідей басы артық бұрыш та жоқ.

Қазақ тілі дауыстыларының құрамына жалаң дауыстылар да, құранды дауыстылар да кіретіні белгілі: олардың тілдегі (фонологиялық) қызыметі бірдей, айырмашылық тек олардың фонетикалық (жасалым) табиғатында болып тұр. Ендеше келесі кезекте қазақ дауыстыларының жалаң және құранды түрлерін түгел қамтыған моделін жасауға көшеміз.

Қазақ тіліндегі құранды дауыстылардың екінші, яғни негізгі, сыңары қысаң дауыстыларға жақын болғандықтан, бірінші кезекте қысаң дауыстылар мен құранды дауыстыларды беттестіріп аламыз (3а сурет). Және бұлай беттестірудің фонетикалық мәні бар. Құранды дауыстылардың екінші сыңары өзі тектес қысаң дауыстылармен іргелес (тұстас) орналасқаны дұрыс болады. Бұл олардың бір-бірімен фонетикалық (жасалымы) жағынан жақындығын, тіптен бір дыбыс екенін көрсетеді. Сонда *E* құранды дауыстысы *I* жалаң дауыстымен тұстас, *Ө* құранды дауыстысы *У* жалаң дауыстымен тұстас, ал *О* құранды дауыстысы *У* жалаң дауыстысымен тұстас орналасады. Мұның өзі қазақ тіліндегі құранды дауыстылардың дыбыс құрамын жіктеп беруге үлкен сеп болмақшы. Біздің ойымызша солай екенін көрсететін орнықты дәлелдердің бірі болмақ.

Одан әрі қысаң дауыстылар мен құранды дауыстылардың беттескен моделін сол күйінде текше модельге ауыстырамыз (3ә сурет). Сонда қазақ тіліндегі 9 дауыстының толық моделі шығады. Жоғарыда қазақ тілінің жалаң дауыстыларына лайық модель үшкіл-призма екеніне жан-жақты тоқталған болатынбыз. Енді келіп құранды дауыстылардың үшкіл-шаршы моделімен үшкіл-призма модельді толықтырамыз (3б сурет). Сөйтіп қазақ тілінің дауыстылар құрамын (состав) және олардың жүйесін (система) дұрыс және дәл көрсететін модель осындай болу керек деген тұжырым ұсынамыз.



3а сурет. Қысаң және құранды дауыстылардың беттескен моделі

3ә сурет. Дауыстылардың текше моделі

3б сурет. Дауыстылардың үшкіл-призма моделі

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының толық жасалым моделі айырым белгілер жүйесін түгел және жан-жақты қамтыған. Модельге қарап қазақ дауыстыларының жасалым сипаттамасын бере беруге болады. Модельден ең алдымен дауыстылардың жалаң және құранды болып екі топқа бөлінетіні көрінеді. Әрі қарай әр топ өзінше талданады.

Жалаң дауыстылардың тілдің көлденең, тік және ерін қалпына қарай жіктелімі көрнекі берілген. Ал құранды дауыстылардың құрамындағы тірек дыбыстың қай дауысты екені тұсындағы дауыстыдан көрініп тұр.

Қазақ тілі дауыстыларының осы жасалым моделіне еңбеген дыбыстар төл дыбыстар қатарына жатпайды. Сөйтіп төл-кірме дауыстылардың басын ажыратып алуға болады.

Сонымен қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жасалым моделі дауыстылардың арасында қатаң жүйе бар екенін көрсетті. Кез-келген дауыстының бір белгісі ауысса екінші дауысты пайда болады. Сол себепті дауыстылардың модельдегі орны тұрақты, айтылуында (артикуляциясында) ауытқулар болмайды. Қазақ тілінде орыс тіліндегідей сапалық редукцияның байқалмайтындығы (жоқтығы) сондықтан.

Дәстүрлі фонетикада «дауыстылар буын жасай алады, ал дауыссыздар буын жасай алмайды» деген ереже бар. Зерттеушілер осы ережені пайдаланады. Бұл ереже оқулықтар мен оқу-құралдарына да енген. Әдістеме саласында да осы ереже пайдаланылады.

Алайда бұл ереже дыбыстардың тілдегі қызметіне сүйеніп жіктейді. Басқаша айтқанда дауыстылар мен дауыссыздардың буын құрау қабілеті бірдей емес. Сонан соң біздің зерттеуіміз дыбыстардың жасалуына арналған. Ендеше дыбыстардың жіктелім белгісін дыбыстардың артикуляциясынан іздеуіміз керек. Мұндай белгі ретінде дауыс желбезегінің қатысы алынады. Дауыс желбезегінің қатысы әдетте дауыстылардың іштей (қатаң, ұяң, үнді) жіктегенде пайдаланылатын. Біздің байқағанмыз дауыс желбезегінің қатысы одан мол боп шықты. Дауыс желбезегі дыбыстарды түгел қамтитын болғандықтан ортақ жіктелім белгі ретінде алдық. Және дыбыстарды жіктеудің бұл әдісі алғаш алынып отыр.

Қазақ тілі дыбыстарын жіктегенде дауыс желбезегінің (жарғағы, шымылдығы) тербеліс күшіне сүйенеді екенбіз. Сонда дауыс желбезегінің қатысы дыбыстарды төрт топқа (дауысты, қатаң, ұяң, үнді) жіктеуге мүмкіндік береді. Мұның негізі ретінде дауыс желбезегінің тербеліс күшінің үдемелі қатысын аламыз.

Соның нәтижесінде дауыс желбезегі дыбыстың өзге жасалым белгілерінен бөлініп шығып, өз алдына артикуляциялық бірлік (единица) болады.

Дауыстыларды жалаң және құранды деп бөлген дұрыс деп есептейміз. Сондықтан да жалаң дауыстыларды өз алдына, құранды дауыстыларды өз алдына талдауға тура келді. Олардың артикуляциясында үлкен айырмашылық бар. Оларды жеке-жеке талдап болған соң, дауысты дыбыстар ретінде бір жерге топталады.

Дауыстылар жүйесінде жалаң және құранды дыбыстардың әрқайсысының өз орны бар. Оны модель арқылы көрсеттік. Құранды дауыстылар өз алдына бірігіп барып, алдымен өз алдына топ құрады. Оның өз моделі бар. Құранды дауыстылар жалаң дауыстылардың тобына жеке-жеке барып қосыла алмайды, тек тобымен барып қана өз орнын табады. Жалаң дауыстылар да солай. Ендеше дауыстылар дегеніміз жалаң және құранды дауыстылардың екі тобының біріккен жиынтығы.

Жалаң дауысты дыбыстардың жиынтық көрнекі моделі олардың өздеріне тән жасалым белгілерінің бәрін түгел қамтып отыр. Сол сықылды құранды дауысты дыбыстардың жиынтық көрнекі моделі олардың өздерінің жасалым белгілерінің бәрін түгел қамтып тұр.

Резюме

В статье на основе дифференциальных признаков составлена артикуляционные модели гласных в казахском языке.

Resume

In this article articulation patterns of vowels in Kazakh language are formed on the basis of differential signs.

Özet

Bu makalede Kazak dilindeki sesli artikülasyon modelleri türevsel işaretler esas alınarak incelenmektedir.

Біз еліміздің тәуелсіздігін қалпына келтірдік, ағылшындар алып кеткен алтынымызды да қайтарып аламыз, қайтарып алмасақ та өзімізде қалғаны да жеткілікті. Бұның бәрі дұрыс, бірақ жуық арада біз қалпына келтіре алмайтын бір нәрсе бар. Ол- халқымыздың езіліп қалған рухы.

Дж. Неру
